

Хаттама №3

«Тасарық» елді мекеніндегі №238 орта мектебінде 2022 жылдың 29 қараша күні жоспарға сәйкес кезекті директор жанындағы кеңес өтті.

Қатысуга тиісті – 37

Қатысқаны -32

Дәлелді себептермен қатыспағаны -5

Күн тәртібінде:

1. Қазақ, орыс және ағылшын тілдері пәндерінің берілуі туралы. / Б.Аханова/
 2. 2022-2023 оқу жылындағы 4, 9 және 11-сынып оқушыларының білім деңгейі, олармен жүргізілетін жан-жакты жұмыстар туралы / Б.Аханова/
 3. ЖИТС және нашақорлықтың алдын – алу бағыты бойынша аткарылған жұмыстар./С.Кәрібай/
 4. «Отбасы-тәрбие басы, мектеп-тәрбие жаршысы» онкүндігінің корытындысы туралы.
/ С.Кәрібай/
 5. «Оқуга құштар мектеп» жобасы» аясындағы іс-шаралардың жүргізуі мен барысы, нәтижелері туралы./ С.Кәрібай, Ш.Сәдуақас/
 6. PIZA халықаралық зерттеуіне дайындық барысы туралы. / Б.Аханова/
 7. Мектепішілік пәндік олимпиадаларға дайындық, барысы, корытындысы туралы. / Б.Аханова/

Тындалды:

Бірінші мәселе мектеп директорының оку ісі жөніндегі орынбасары Б.Аханова 2023 оку жылында мектебіміздегі қазақ,орыс және ағылшын тілдері пәндерінің берілуі туралы баяндады.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқыту мақсаты: негізгі орта білім беру деңгейіне арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» бағдарламасының мақсаты— оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту, қазақ тілін қадірлейтін, көгамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, тіл нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуга үйрету. Үлгілік оқу жоспарының түріне байланысты негізгі орта білім беру деңгейінде «Қазақ тілі» пәнін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі әртүрлі болады. Оқу жылының ұзаруына байланысты пайдаланған косымша сағаттарды қайталауға, өтілген материалды бекітуге және күрделі тақырыптарды окуға пайдалану ұсынылады. «Қазақ тілі» пәні бағдарламасы оқушының тіл сауаттылығы мен сөз байлығын дамытуды, әлеуметтік ортада еркін карым-қатынаска түсүін жетілдіруді және дүниетанымдық дағдыларын кеңейтуді көздейді. Бағдарламаның білім мазмұны қазақ тілі арқылы оқушыларға қазақ халқының материалдық және руханий құндылықтарын, қазақ халқының салт-дәстүрін құрметтеуді, қазақша сөйлеу әдебі мен әдебиет дағыландыруды және қазақ 130 әдебиеті үлгілерін терең менгертуді мақсат етеді және алғашкы білімдерін өмірде қолдана білуге үйретеді. Жалпы орта білім беру деңгейіндегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша білім алушылардың білім, білік және дағдыға койылатын талаптары CEFR -Шет тілін менгерудің жалпы европалық құзыреті деңгейлерін (B2-C1) негізде отырып айқындалған.

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің деңгейлердің 2-11-сыныптарына арналған «Шетел тілі» пәнінен Үлгілік оку жоспары ұзак мерзімді жоспар негізінде жүзеге асырылады. Ұзак мерзімді жоспарда бір оку жылына арналған оку мақсаттары қамтылған. Ұзак мерзімді жоспарда бөлімдер мен тақырыптарды менгеруге жұмсалатын сағат саны көрсетілмеген. Бөлімшелерге арналған сағат санын бөлуді ұзак мерзімді жоспарға сәйкес, күнтізбеліктакырыптық жоспарды педагог өзі немесе педагогтер ұжымы бірлесіп әзірлейді. Әзірленген күнтізбелік-такырыптық жоспар мектептің пән бойынша әдістемелік бірлестік отырысында қарастырып, бекітіледі. 154 «Шетел тілі» пәннің оку бағдарламары білім алушылардың талдау, бағалау және шығармашылық ойлауды калыптастыратын түрлі

тапсырмаларды орындау, ауызша және жазбаша түрдегі дереккөздердің сан алуан түрлөрі, ынталандыратын және қызықты пәндік мазмұн арқылы білім алушылардың шетел тілін жалпыеуропалық күзыреттеріне (CEFR) сәйкес деңгейлеріне жету мақсатын көздейді.

Ұсыныс: 2022-2023 оку жылындағы қазақорыс және ағылшын тілдері пәндерінің берілген «қанағаттанарлық» деп бағаланса және жіберілген кемшіліктер мен олқылықтардың орнын толтыру, қалпына келтіру, дамыту мақсатында окушылармен түрлі қосымша жұмыстар жүргізу пән мұғалімдеріне міндеттелсе.

Екінші мәселе мектеп директорының оку ісі жөніндегі орынбасары Б.Аханова 2022-2023 оку жылындағы 4, 9 және 11-сынып окушыларының білім деңгейі, олармен жүргізілетін жан-жақты жұмыстар туралы баяндады. 4,9, және 11 сынып окушыларының білім деңгейін анықтау мақсатында пәндер бойынша тест тапсырмалары алынды . Эр пан бойынша жинаған балл нәтежесі арқылы корытынды нәтежесі шығарылды .

Окушылар төмендегідей көрсеткіш көрсетті .

Қазақ тілінен пәнінен 13 окушының 11 қатысты 15-20 балл – 5 окушы

10-15- 7 окушы

1-10 – 1 окушы

Әдебиеттік оку пәнінен 13 окушыдан 11 қатысты 15-20 б -7 окушы

10-15 б – 4 окушы

1-10б - 2 окушы

Математика пәнінен 13 окушының 10 қатысты 15-20 балл – 4 окушы

10-15- 7 окушы

1-10 – 2 окушы

Дүниетану пәнінен 13 окушыдан 10 қатысты 15-20 б -6 окушы

10-15 б – 5 окушы

1-10б - 2 окушы

Минуттап оку бойынша I жарты жылдықта 75-80 сөз оку керек

75-80 аралығында - 5 окушы

60-75 сөз аралығы -4 окушы

50 ден төмен -2оқушы

40 сөзден төмен -2 окушы

9 сынып бойынша негізгі пәндерден тест жұмыстары алынды Тест тапсырмасы

20 сұрақтан құралған.Эр пән бойынша жинаған балл нәтежесі арқылы корытынды нәтежесі шығарылды . Окушылар төмендегідей көрсеткіш жөрсетті .

Қазақ тілінен пәнінен 8 окушының 7-і қатысты 15-20 балл – 5 окушы

10-15- 7 окушы

География пәніне 8 окушы 7-і қатысты 15-20 б -4 окушы

10-15 -3 окушы

Математика пәніне 8 окушының 6-ы қатысты 15-20 балл – 3 окушы

10-15-3 окушы

Информатика пәніне 8 окушыдан 6-ы қатысты 15-20 Зоқушы

10-15 б – 3 окушы

11 сынып бойынша пандерден күнделікті тест тапсырмалары алынып отыр Нәтижесі орташа деңгейде дайындық жұмыстарын күшету керек .

Ұсыныс: 2021-2022 оку жылындағы 4,9 және 11-сынып окушыларының білім деңгейін олармен жүргізілетін жан-жақты жұмыстар тұрақты назарда болып,өзара сабактарға тиесінде үйимдастырылса және осы жұмыстарды үйимдастыру, бакылау оку ісі жөніндегі орынбасары Б.Ахановаға міндеттелсе.

Үшінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Кәрібай «ЖИТС және нашақорлықтың алдын –алу» бағыты бойынша атқарылған жұмыстарға токталды: 2022-2023 оку жылына жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру насиҳаттау және қалыптастыру (нашақорлық, есірткі бизнесі, маскунемдік, туберкулез ВИЧ, АИВ/ЖИТС тің алдын алу мақсатында іс-шара жоспары жасалып бекітілді.

Қыркүйек айында №238 орта мектебінің оқушылары және ата-аналары арасында Аудандың білім бөлімі және аудандық орталық аурухана менгерушісінің басшысымен бірлеşкен жоспарына сәйкес құқықтық түсіндіру жұмысын ұйымдастыру мақсатында синтетикалық есірткінің таралуы және дәріханалық нашақорлық проблемалары туралы әлеуметтік желі арқылы бейне дәрістерді тыңдалып талқыланды. Оқушыларға сонымен катар ата аналарға синтетикалық есірткі туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, ата-аналар нашақорлықтың алдың алдын алу туралы өз ойларын ортаға салды.

23 қыркүйек күні Балалар және жасөспірімдер арасында алдын алу тексеріс жұмыстарын өткізу (келісім бойынша), психобелсенді зат тұтынудың алдын алу мақсатында анықталған жағдайлар болса мекемелерге мәлімет беретіндігіміз туралы айтып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Мектеп медбикесімен бірге Балалар және жасөспірімдер арасында салауатты өмір салынуда насиҳаттау және қалыптастыру (нашақорлық, есірткі бизнесі, маскүнемдік, туберкулез ВИЧ, АИВ/ЖИТС – тің алдын алу) жөнінде ақпараттық жұмыстары жүргізіліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

1. Мектеп медбикесі, психологпен жыл бойы жүргізілетін жоспар бойынша арнамандардың қатысуымен (медицина, спорт) (нашақорлық, есірткі бизнесі, маскүнемдік, туберкулез ВИЧ, АИВ/ЖИТС – тің алдын алу) жөнінде мәселелер бойынша ата – аналар және оқушылар арасында, жиналыстар өткізілді.
2. 22-караша күні психологиялық сауалнаманы 8-9-10-11 сынып оқушылары арасында альянстырылады. Алардың қорытындысы жасалды.

25 қараша күні сүисид және нашақорлық – қауіпті індегі, алдын алу міндет» психолог, сынып жетекшілердің қатысуымен ата – аналар жиналысы өткізілді.

Ұсыныс: «ЖИТС және нашақорлықтың алдын – алу» бағыты бойынша атқарылған жұмыстар «қанагаттанарлық» деп танылса.

Төртінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Кәрібай «Отбасы-тәрбие басы, мектеп-тәрбие жаршысы» онкүндігінің корытындысы туралы баяндады. Ағымдағы жылдың 07-18 қараша күндері аралығында «Отбасы-тәрбиесі басы, мектеп – тәрбие жаршысы» тақырыбында тәрбие бағыты бойынша онкүндігі өткізілді. Онкүндік жоспары жасалып, бекітілді.

Мақсаты: Мектеп пен ата -ана арасында қарым-қатынасты нығайту. Барлық жалпыадамзаттың құндылықтарды бала бойына сіңіретін ата-ана тәрбиесі, ал оны дамытуға ықпал ететін маңызды мәселенің ата-аналарға түсіндіру. Ата-аналарға кеңең берсе отырып, бала тәрбиесі бәрімізге орнайды. Егер кеңең жағынан жақындағанда, оның мәселе мен оқушылар жаңа қырынан танылды.

Онкүндік барысында мектеп пен ата аның тығыз байланысын қалып тастыру мақсатында түрлі іс – шаралар өткізілді. Онкүндікте тренинг, дебат, оқуға құштар отбасы, ашық тәрбиесінде сағаттары, отбасылық спорттық сайystар, ұлдар ұйымы мен қыздар ұйымының жұмысы және әкелер жұмысы, театрланған қойылымдар жан-жақты қамтылып, ата-аналар мен оқушылар жаңа қырынан танылды.

18 қараша күні "Отбасы-тәрбие басы, Мектеп-тәрбие жаршысы" атты онкүндік барысындағы өткізілген іс-шаралардың қорытындысы жасалып, онкүндік барысындағы өткізілген шаралардың қызықты сәттерінен құрастырылған бейнеролик көрсетілді.

Ұстаздар"Сынып жетекшілердің бір мезгіл жұмыс күні"негізінде сахналық койылым қойды.

Осылай 7 қараша мен 18 қараша аралығында жүргізілген "Отбасы тәрбие-басы, Мектеп-тәрбие жаршысы" атты онкүндігі қорытындыланып, әр күн сайын мектеп сайты мен әлеуметтік желіде онкүндіктің қызықты сәттері жарияланып, талқыланып отырды.

Ұсыныс: «Отбасы-тәрбие басы, мектеп-тәрбие жаршысы» қорытындысы «жаксы» бағаланса.

Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Кәрібай «Оқуға құштар мектеп» жобасы» аясындағы іс-шаралардың жүргізілүү мен барысы, нәтижелері туралы айтып өтті. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілді. Мектеп кітапханашысы Ш. Садуақасовтың үйымдастыруымен мектепте «20 минуттық кітап оқуды», «Бірге кітап оқимыз!» акциялары өткізілді.

Мектеп кітапханасы оқушылардың шығармашылық жұмыстары мен шұғылдануына көп

ықпалын тигізеді. «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша бастауыш сынып окушылар арасында «Ертегілер еліне саяхат» атты ертегілер оқу акциясы үйымдастырылады. Алдағы ертегілер туралы түсініктерін қалыптастырып, ертегілерге қызығушылығын арттыру. Балалардың сөздік корларын дамыту. Сөзді анық айтуға, есте сактау кабілетін дамыту. Алдағы желтоқсан айының алғашкы онкүндігінде «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында ата-анадар, окушылар, мұғалімдер байланысын ныгайта отырып апталық үйымдастыру жоспарлануда. «Балалар жылы» деп жарияланған үстіміздегі жылы оқырмандардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру барынша көзделіп отыр. Білім мен тәрбие қатар берілетін мектеп өмірінде кітаптың алар орны ерекше.

Ұсыныс: «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша құрылған іс-шараларды жандандыру мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Кәрібай мен мектеп кітапханашысы Ш.Сәдуақасқа міндеттелсін.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөнінде орынбасары Б.Аханова РІЗА халықаралық зерттеуіне дайындық барысы туралы айтып шықты. 2022-2023 оқу жылында РВТС халықаралық зерттеуіне 15 жастағы балалар қатысады. Мектептен 7 оқушы қатысады. Аудан колеміндегі 5 мектептің бірі бізге мектеп. 10 сыныпта 6 оқушы, 9 сыныптан 1 оқушы қатысады. Дайындық кестесі жасалып қосымша жұмыстар жүргізіліп жатырғанын айтты. Қоғамдастырылған тапсырмалар 60 минут беріледі. Қазіргі таңда дайындық күштейтілген негізде жүргізіліп келеді. Оқушылар толық психологиялық қолдаумен, ата-аналарының да қажетті сүйемелдеуімен тыңғылықты күш-жігермен әзірлік жасауда. Пән мұғалімдері ықтимал тапсырмалармен окушыларды таныстырып шықты. Дайындыққа уақытылы, белсенділікпен араласуда. Желтоқсан айының бесінде өткізіледі деп кестеге қойылған. Әлі де дайындық жұмыстарын жасай беретін боламыз.

Ұсыныс: Мектепте РВТС халықаралық зерттеуіне күштейтілген түрде дайындық жұмыстары жүргізілсе.

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Аханова күн тәртібіндегін соңғы мәселе бойынша мектепшілік пәндердің олимпиадаларға дайындық барысы, корытындысы туралы баяндан өтті.

Пән мұғалімдері бейімдері мен қызығушылығына қарай іріктелген окушылармен дайындық жұмыстарын тұрақты түрде жүргізіп отыр. Алдағы уақытта пән мұғалімдеріне олимпиада дайындық жұмыстарын жан-жақты үйымдастыру міндеттеле отырып, биылғы оқу жылдарында арналған олимпиадаларға дайындық кестесі жасалынып, бекітілгенін айтты. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрақты назарымызда болып отыр. Осы кезге дейін пән мектептердегі олимпиадалардан нәтижелі көрсеткіштерге жету мүмкін бомагандығын ескерсек, енді биылғы жылы осы олқылықтардың орнын толықтыру мақсатында дайындық жұмыстары тұрақты жасалып, бақылау жасалып отыр. Пән мұғалімдерінің біліктілігі мен шеберлігі, нәтижелі жұмыстар жасауға қызығушылығы артып, барлық жағдай жасалынып отыр.

Ұсыныс:

2022-2023 оқу жылы барысында жеке окушылармен жұмыс жүргізу және олимпиадаға дайындықты талапқа сай тұрақты түрде жүргізу, нәтижеге кол жеткізу пән мұғалімдеріне міндеттелсе.

Шығын сойлеушілер:

1. Физика пәнінің мұғалімі -Г.Қалекеева: Мектебіміздегі казак, орыс, ағылшын пәндерінің берілуі туралы айттар болсам, осы пәндерді білікті мұғалімдер береді деп айтады. Алдағы. Ә. Ұзақбай жыл сайын бітіруші түлектерді ҮБТ-ке дайындалған зерттеу мұғалім. Орыс тілінен Ж.Асанова бірнеше жылдан бері окушылармен шыгармашылық ізденісте жұмыс жасап келе жатыр. Ал ағылшын тілінен екі жас мұғалім А.Омаров А. Құрманшаева сабак береді. Бұл мұғалімдер қашан көрсөніз де окушылармен түрлі әсемдіктер арқылы, түстен кейін қосымша сабактар өтіп жатады. Окушылар жаксы нәтижелер көрсетеді деп ойлаймын. Тәрбие бағытындағы онкүндік ауқымды өтті. Эр сыныптан келген ата-аналар ризашылықтарын білдіріп, үйымдастырылған шараларға қызығушылықпен араласты. Алдағы уақытта да осы байланыс нығайа түссе нәтижелі жұмыстар болады.

2. Бастауыш пәннің мұғалімі –А.Көрібаева: Мен көбіне сыныбым бірінші сыйын болғандыктан, қонырау уақытының өзінде де сыйып оқушыларыммен бірге жүруімегі келеді. Олардың әлі толық мектеп өміріне қалыптасып кете коймагандығынан қауіпсіздік де көбірек аландаймын гой. Бірақ мүмкіндігімше мектеп өмірінде үйымдастырылып жатқан шаралараға барынша үн қосуға тырысамын. Балаларға бірінші кезекте білім ана тілінде берілген десек те орыс, ағылшын тілдерінің де заман талаптарына сай қажеттіліктері күн сайнап артып келеді. Сондықтан осы пәндердің берілуі туралы айтар болсам, әріптестерімнің пікірінде қосыламын. Білікті мұғалімдер талмай енбектенуде. Алдағы уақытта үздік нәтижелерге жетеді деп ойлаймын. Онкүндік барысында мен денсаулығыма байланысты ауруханада жатып ем алған болатынмын. Бірақ балалардың әріп танып, сауаттануына көбірек қоңіл болу максатында күнде жиі-жій ата-аналарыммен тығыз қарым-қатынас орнатуға тырысамын. Мектебімізде өтетін PIZA халықаралық зерттеуіне дайындық барысы өз кезегінде кестеге сәйкес жүргізіліп отыр. Оқушыларымыз жақсы тапсырып шығады деп ойлаймын.

3. Орыс тілі пәннің мұғалімі-Ж.Асанова: Орыс тілі бойынша оқушыларға стандартты менгертуге барынша күш саламын. Десек те, балалардың сөйлеу тілі ортасы болмаган сондай-ақ пәнді игертуде біршама қыындықтар кездесетіні рас. Олимпиадага балаларды дайындалған атамен байланысты барынша тығыз орнатуға тырысамын. Онкүндік барысында сыныбымнан ата-аналары бірігіп, ауызбіршілікпен, қызығушылықпен бірлесе жұмыс жасады. Байланысты тұракты сақтауға, нығайта тұсуге тырысамын. Мектебімізде өтетін халықаралық зерттеулерге дайындықты жүргізілуде. Балаларымыз ойдагыдан нәтижелерге жеткізеді деп ойлаймын.

Баяндамашылар мен шығып сөйлеушілердің пікірін ескере келіп, директор жанындағы педагогикалық кеңес қаулы етеді.

Директор жанындағы кеңес қаулы етеді:

1. 2022-2023 оқу жылындағы казақ, орыс және ағылшын тілдері пәндерінің берілуі, сондай-ақ 4, 9 және 11-сынып оқушыларының білім деңгейі, олармен жүргізілетін жан-жақты жұмыстар «қанағаттанарлық» деп танылсын және жіберілгендегі кемшіліктер мен олқылықтардың орнын толтыру бағытындағы жұмыстарды үйлестіру мектеп директорының оку ісі жөніндегі орынбасары Б.Ахановаға міндеттелсін.

2. «Отбасы-тәrbие басы, мектеп-тәrbие жаршысы» онкүндігінің корытындысы «жаксы» бағаланып, ЖИТС және нашақорлықтың алдын алау бағыты бойынша жұмыста жандандыру мектеп директорының тәrbие ісі жөніндегі орынбасары С.Кәрібайға жүктелсін.

3. «Окуга құштар мектеп» жобасы» аясындағы іс-шараларды мектеп директорының тәrbие ісі жөніндегі орынбасары С.Кәрібай мен мектеп кітапханашысы Ш.Сәдуақасқа міндеттелсін.

4. Мектепішілік пәндік олимпиадаларға, PIZA халықаралық зерттеуіне дайындықты күштеп, үздік нәтижелерге бағыттау мектеп директорының оку ісі жөніндегі орынбасары Б.Ахановаға міндеттелсін.

Директор жанындағы кеңестің төрайымы:



Э.Кеулімжай

Хатшысы:

А.Жарболова